

**БІЛІМ БЕРУ БАСҚАРМАСЫ
БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ**



«Өлкетану»

БАҒДАРЛАМАСЫ

**(Мектеп жасына дейінгі ересек топ балаларына
арналған вариативтік білім беруге арналған)**

Павлодар, 2018 жыл

Құрастырушылар:

1. Барамбаева Б.С.- Білім беруді дамытудың инновациялық орталығының әдіскері;
2. Юнаш Г.А. - Павлодар қаласының №27 сәбилер балабақшасының әдіскері;
3. Тоғанбекова Д.К.- Павлодар қаласының №29 сәбилер балабақшасының әдіскері;
4. Сыздықова Қ.С. - Ақсу қаласының №18 сәбилер балабақшасының әдіскері;
5. Гарифуллина Д.Т.- Павлодар қаласының №120 сәбилер балабақшасының әдіскері.

Рецензенттер:

1. Жұмабаева З.Е. - п.ғ. к., Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің профессоры, мектепке дейінгі және бастауыш мектепте білім беру кафедрасының меңгерушісі, Қазақстанның Педагогикалық ғылым Академиясының корреспондент - мүшесі.
2. Нұрғалиева С.Д. - «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалының Павлодар облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының аға оқытушысы.

ТҮСІНІК ХАТ

Аталмыш «Өлкетану» бағдарламасы мектепке дейінгі жастағы балаларды білімдендіру үдерісінде ұйымдастырылған оқу қызметін жүргізуге вариативтік сағаттарды өткізуге құрал ретінде ұсынылып отыр.

«Өлкетану» бағдарламасының басты мақсаты:

- мектеп жасына дейінгі ересектер тобындағы балалардың жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес туған жеріне деген рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, өз өлкесінің тарихы, мәдениетімен таныстыру; жалпыадамзаттылық, ұлтжандылық пен толеранттылыққа тәрбиелеу.
- заттық-кеңістіктік дамытушы орта ретінде «Өлкетану» біліми өнімін ұсыну.

Бағдарламаның міндеттері:

- баланың танымын, туған өлкесіне деген қызығушылығы мен құштарлығын дамытуға ықпал ету;
- мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде туған жерге қатысты ақпаратты орынды және сыни тұрғыдан ұсыну;
- туған өлкенің өткен, болашағын құрметтеуді қалыптастыру.

«Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың білім-білік дағдыларына қойылатын талаптар:

- туған қаланың (ауылдың) тарихы туралы білімді игеру;
- қаланың (ауылдың) көне және қазіргі уақыттағы жағдайы туралы білу және әңгімелеп беру;
- қаланың (ауылдың) көшелері мен шағын аудандарын білу, атауларын түсіндіріп бере алу;
- қаланың (ауылдың) бірнеше ескерткіштерін білу, олар туралы қысқаша мағлұмат беру;
- көне жылдардың сәулет ғимараттарын, заманауи құрылыстарын ажырата білу;
- қаланың (ауылдың) атақты адамдары туралы әңгімелеп беру;
- қаланың (ауылдың) көрікті жерлері туралы әңгімелеп беру;
- қаланың (ауылдың) өнеркәсіптік, мәдениеттік, әлеуметтік маңызды мекемелері және ондағы адамдардың негізгі мамандықтарын білу;
- туған жерінің өсімдік және жануарлар әлемі туралы білімдерін тереңдету;
- қала (ауыл) туралы географиялық мәліметтерді игеру.

Күтілетін нәтиже

Балалардың бойында:

- туған өлке туралы білімдері қалыптасады;
- туған жеріне, азаматтарына деген патриоттық сезімдері оянады;
- туған өлкенің көпұлттығын құрметтеу дағдылары қалыптасады;
- қоршаған ортаны, мәдени мұраны, табиғатты білу біліктері дамиды;
- табиғаттың эстетикалық құбылыстары мен адам әрекетіне эмоционалды жауапкершіліктері артады;
- іздену, шығармашылық, коммуникативті, танымдық біліктері, ұжымдық жұмыс дағдылары қалыптасады.

I БАҒДАРЛАМА МАЗМҰНЫНА ҚЫСҚАША ШОЛУ

1-тарау. «Туған өлке»

Тарау 4 бөлімнен тұрады: Туған өлкем Павлодар облысына саяхат, Павлодар өңірінің ірі қалалары (Павлодар, Ақсу, Екібастұз), Павлодар облысының таңбасы (герб), «Ең көрікті жерлер» суреттер көрмесі.

Бөлімдерде мектепке дейінгі ересек топ балаларын Павлодар облысының тарихы, таңбасы, ірі қалалары, көрікті жерлері туралы мағлұматтармен таныстыра отырып, туған өлкеге деген сүйіспеншілігін, патриоттық сезімін арттыру көзделген.

2-тарау. «Павлодар облысының табиғи ерекшеліктері»

Бұл тарау 4 бөлімнен тұрады: Мақтанышым - Ертісім, Ормандағы қарағай, Тұзды көлдер, «Қаздар қонысы» табиғат ескерткіші, «Зерттеушілер» (сюжетті-дидактикалық ойын). Бөлімдерде мектепке дейінгі ересек топ балаларының Ертіс өзенінің табиғи қоры, табиғи орманы, Мойылды, Тұзқала, Қызылтұз тұзды көлдері, табиғи ескерткіштер, ежелгі жануарлар атаулары туралы түсініктерін кеңейту арқылы туған өлкенің табиғатына жанашырлық, қамқорлық көзқарастырын қалыптастыру көзделген.

3-тарау. «Аялы табиғатымыз»

Тарау 4 бөлімнен тұрады: Қызыл кітап құпиясы, Павлодар облысының інжу-маржаны – Баянауыл қорығы (өсімдіктер әлемі), Павлодар облысының інжу-маржаны – Баянауыл қорығы (жануарлар әлемі), Баянауыл өңірінің аңыздарымен таныстыру. Бөлімдерде мектеп жасына дейінгі ересек топ балаларының Қызыл кітап туралы, аймақтың қандай жануарлары Қызыл кітапқа енгені туралы, Баянауыл қорығында өсетін өсімдіктер ерекшелігі және жануарлар қорығы туралы білімдерін кеңейту және балаларды «Кемпіртас», «Сабынды көл» аңыздарымен таныстыру көзделген.

4-тарау. «Ата-бабаларымызды құрметтейміз»

Тарау 4 бөлімнен тұрады: «Өлкетану мұражайы», «Өлкедегі атаулардың тарихы», «Көше атаулары», «Мен тұратын көше» жоба-презентациясы (ата-аналармен жұмыс). Бөлімдерде балаларды облыстың мұражайларымен таныстыру, туған өлкенің таулары, өзендері, облыстағы қала атаулары нені білдіретіні туралы түсінік беру, туған қаланың (ауылдың) көшелері туралы білімдерін кеңейту және бекіту, өз көшесі туралы ақпараттық материалға сүйене отырып, әңгімелей білу біліктерін жетілдіру көзделген.

5-тарау. «Мәңгілік есте»

Тарау 4 бөлімнен тұрады: «Мәңгілік есте», «Ғалым атамыз», «Сүйікті жазушы», «Кинотеатр әлемінде» (сюжетті-рөлдік ойын). Бөлімдерде мектеп жасына дейінгі ересек топ балаларын туған еліміздің соғыс ардагері Қанаш Қамзин, атақты ғалым Қаныш Сәтбаев, жазушы-ақын Мұзафар Әлімбаевпен таныстыру арқылы ақынның өлеңдерін мәнерлеп айта

білуге үйрету, кинорежиссер Шәкен Айманов туралы мәлімет беру арқылы балалардың танымдық, шығармашылық біліктерін дамыту, сюжетті-рөлдік ойын арқылы рөлге ену, сахналау дағдыларын жетілдіру көзделген.

6-тарау. «Ер дәулеті - еңбек»

Тарау 4 бөлімнен тұрады: «Өлкемнің қара алтыны», «Қала көлігі», «Зәулім мұнара» (сюжеттік-рөлдік ойын), «Балқытушы сиқыры», «Әр мамандық құрметті» жоба-презентациясы. Бөлімдерде балаларға мұнай-өңдеу зауыты өңдейтін көлік жанармайы, жанармайдың пайдасы туралы, көмір өндіру, электр-жылу энергиясын шығаратын Екібастұз ГРЭС-і туралы мәліметтер беру, Ақсу ферроқорытпа зауыты туралы түсінік беру және балқытушы мамандығы бойынша білімдерін кеңейту, жалпы өндіріс мамандары туралы білім беру көзделген.

7-тарау. «Салт-дәстүрім»

Тарау 4 бөлімнен тұрады: «Төрт түлігім – ырысым», «Қазақ халқының қолөнері» (тері, жүннен жасалатын бұйымдар), «Киіз үй», «Ұлттық ойын – халық мұрасы». Бөлімдерде балаларға төрт түлік жайлы түсініктер бере отырып, жануарларды күту сүйіспеншілігін ояту, олардың пайдасын білу, қазақ халқының қолөнер үлгілерімен таныстыру арқылы халық өнерін қадірлеуге, үлгі тұтуға үйрету, балаларды әсемдікті тани білуге баулу, эстетикалық ой-өрістерін дамыту, киіз үйдің құрылымы туралы білімдерін қалыптастыру, дүниетанымын кеңейту, ұлттық мұрамызды сақтауға тәрбиелеу, ұлттық ойындарды ойнауға үйрету көзделген.

8-тарау. «Өлке мақтаныштары»

Тарау 4 бөлімнен тұрады: «Менің өлкемнің құрметті азаматтары», «Менің өлкемнің мәдени орталықтары», «Спорт - денсаулық кепілі», «Мектеп», «Құрылысшы», «Емхана» (сюжетті-рөлдік ойындар). Бөлімдерде балаларға туған өлкенің атақты адамдары туралы, мәдени жерлері, атақты спортшы жерлестері туралы, спорттың адам денсаулығына маңызы туралы түсінік бере отырып, еңбек, адалдық, сыпайылық, еліне еңбек сіңірген азаматтарды мақтаныш ету сезімдерін қалыптастыру көзделген.

9-тарау. «Неткен сұлу, неткен көркем! Осы менің туған өлкем!»

Тарау 4 бөлімнен тұрады: «Менің қаламның (ауылымның) көрікті жерлеріне саяхат», «Ауылым - алтын бесігім», «Ғажайып қала (ауыл)» жобасы, «Кішкентай өлкетанушылар» викторинасы. Бұл бөлімдер бойынша балалармен саяхат жасау жоспарланады, жыл бойы өлкетану бойынша білімдерін тиянақтап қорытындылау жүргізіледі.

II МАЗМҰНДЫҚ-ТАҚЫРЫПТЫҚ БӨЛІМ

№	Тараулары	Апта	Бөлімдері	Оқыту мақсаты	Сағат саны
1	Туған өлке	I	Туған өлкем Павлодар облысына саяхат	Балаларды туған қаланың (ауылдың) (өткен, қазіргі кезеңдегі) тарихымен таныстыру, туған өлкесі туралы білімдерін кеңейту, туған жерге деген патриоттық сезімдерін ояту	1
		II	Павлодар өңірінің ірі қалалары (Павлодар, Ақсу, Екібастұз)	Балаларға Павлодар өңірінің ірі қалалары: Павлодар, Ақсу, Екібастұз туралы алғашқы білім беру, танымдық қызығушылықтарын арттыру	1
		III	Павлодар облысының таңбасы (герб)	Балаларды Павлодар облысының таңбасымен таныстыру, ерекшелігі, суреті туралы қарапайым түсінік беру	1
		IV	Суреттер көрмесі: «Ең көрікті жерлер»	Балалармен туған өлкесінің көрікті жерлері жайлы ауызша әңгіме құрастырып, сурет салу, туған өлкесімен мақтаныш етуге жетелеу	1
2	Павлодар облысының табиғи ерекшеліктері	I	Мақтанышым - Ертісім	Туған өлкеде ағатын Ертіс өзені туралы мәліметпен таныстыру. Балалардың танымдық қабілеттерін, сөздік қорларын дамыту. Туған өлкесінің табиғатына қамқор болуға тәрбиелеу	1
		II	Ормандағы қарағай	Балаларға «Ертіс орманы» мемлекеттік табиғи орман резерваты туралы қарапайым түсінік беру. Қарағай ағашының ерекшеліктерін ажыратып, атап беруге үйрету. Туған өлкенің байлығына деген мақтаныш, қамқорлық сезіміне тәрбиелеу	1

		III	Тұзды көлдер	Балаларға облысымыздың Мойылды, Тұзқала, Қызылтұз тұзды көлдері, олардың маңызы, адам денсаулығына шипасы туралы қарапайым түсінік беру	1
		IV	«Қаздар қонысы» табиғат ескерткіші. Сюжетті-дидактикалық ойын: «Зерттеушілер»	Балаларға «Қаздар қонысы» табиғат ескерткіші туралы білім беру. Ойын барысында зерттеуші мамандығымен таныстыру	1
3	Аялы табиғатымыз	I	Қызыл кітап құпиясы	Балаларға «Қызыл кітап» туралы, аймақтағы «Қызыл кітапқа» облыс бойынша кірген жануарлар мен өсімдіктер жөнінде қарапайым түсінік беру, ой-өрістерін дамыту. Табиғатты аялап, қастерлеуге, ондағы сирек кездесетін аңдар мен құстарға қамқор болуға тәрбиелеу	1
		II	Павлодар облысының інжумаржаны – Баянауыл қорығы (өсімдіктер әлемі)	Балаларға Баянауыл қорығында өсетін өсімдіктер, олардың табиғи ерекшеліктері, адамға пайдасы жөнінде қысқаша мағлұмат беру, шағын ақпарат жинақтауға үйрету	1
		III	Павлодар облысының інжумаржаны – Баянауыл қорығы (жануарлар әлемі)	Балаларды Баянауыл қорығының жануарлар әлемімен таныстыру, жануарлардың тіршілігі туралы білімдерін қалыптастыру, жануарларға деген сүйіспеншіліктерін арттыру, оларға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу	1
		IV	Баянауыл өңірінің аңыздары	Балаларды Баянауыл өңірінен шыққан «Кемпіртас», «Сабынды көл» аңыздарымен таныстыру. Аңыздарды әңгімелей білуге	1

				дағдыландыру	
4	Ата-бабаларымызды құрметтейміз	I	Өлкетану мұражайы	Балаларды өлкетану мұражайымен таныстыру, тарихи заттардың маңыздылығын білу, не білдіретінін түсіндіру.Туған өлкесінің мәдениеті мен тарихын құрметтеуге тәрбиелеу	1
		II	Өлкедегі атаулардың тарихы	Балаларға туған өлкесінің Май, Баянауыл ауылдарындағы таулардың тарихы туралы, Екібастұз, Ақсу қалаларының тарихи атаулары жөнінде қарапайым түсінік беру, танымдық қызығушылықтарын арттыру, туған өлкеге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу	1
		III	Көше атаулары	Балаларға туған қаласының (ауылдың) көшелеріне есімі берілген тарихи тұлғалар туралы қысқаша қарапайым түсінік беру	1
		IV	Жоба-презентация: «Мен тұратын көше» (ата-аналармен жұмыс)	Ақпараттық материалдарға сүйене отырып, балалар өздерінің тұратын көшелері туралы әңгіме құрастырады. Балалар ата-аналарымен бірлесіп өз көшелері туралы топтық жоба жасап ұсынады, қорғайды	1
5	Мәңгілік есте	I	Мәңгілік есте	Соғыс ардагері Қанаш Қамзин туралы балаларға алғашқы қарапайым түсінік беру, атақты ел мақтанышының есіміне орай аталған көшелер туралы мәліметпен таныстыру, патриоттық тәрбиелеу беру	1
		II	Ғалым атамыз	Балаларға Қ.Сәтбаевтың туған жері, сіңірген еңбегі туралы қарапайым білім беру, туған өлкенің атақты, Қазақстанға	1

				еңбегі сіңген ғалым атамизды мақтаныш тұтуға жетелеу	
		III	Сүйікті жазушы	Балаларды Мұзафар Әлімбаев-атақты жазушымыздың қысқаша, қарапайым түрде өмір-баянымен таныстыру, өлеңдерін мәнерлеп айта білуге үйрету	1
		IV	«Кинотеатр әлемінде» (сюжетті-рөлдік ойын)	Балаларға туған өлкеміздің Қазақстанға әйгілі болған актер, режиссер Шәкен Айманов туралы қысқаша қарапайым мәлімет беру. Сюжетті-рөлдік ойын арқылы рөлге еруге дағдыландыру	1
6	Ер дәулеті - еңбек	I	Өлкемінің қара алтыны. Сюжеттік-рөлдік ойын: «Қала көлігі»	Балаларға қаламыздағы мұнай өңдеу зауыты өңдейтін автобензин, жанармай туралы, оның көлік жүргізуге керектігі жөнінде қарапайым түсінік беру	1
		II	«Зәулім мұнара»	Балаларға Баянауыл, Екібастұз қалаларында көмір өндіру шахталары, Ақсу, Екібастұз жарық беретін электр-жылу энергиясын шығаратын ГРЭС-тер туралы қысқаша, қарапайым білім беру, танымдық қызығушылықтарын арттыру	1
		III	Балқытушы сиқыры	Балаларға Ақсу қаласындағы ферроқорытпа зауыты, онда шығарылатын өндіріске керекті заттар туралы алғашқы қарапайым түсінік беру. Балқытушы мамандығымен таныстыру. Балалардың танымдық қызығушылықтарын арттыру	1
		IV	Жоба-презентация: «Әр мамандық құрметті»	Балаларға қала, ауыл адамдарының мамандықтары, ерекшеліктері, адамдардың еңбегі туралы алғашқы білім беру, түсініктерін кеңейту	1

7	Салт-дәстүрім	I	Төрт түлігім - ырысым	Төрт түлік жайлы түсініктерін кеңейту. Балалардың бойында үй жануарларының адамға пайдасы, алатын өнімдер туралы білім бере отырып, оларды күтіммен ұстау керектігін түсіндіру	1
		II	Қазақ халқының қолөнері (тері, жүннен жасалатын бұйымдар)	Балаларды қазақ халқының қолөнер үлгілерімен таныстыра отырып, халық өнерін қастерлеуге, үлгі тұтуға үйрету. Балаларды әсемдікті тани білуге баули отырып, олардың эстетикалық ой-өрісін дамыту	1
		III	Киіз үй	Балаларға қазақ халқының киіз үйі, оның құрылымы туралы білім беру, дүниетанымын кеңейту, ұлттық мұрамыздың қазіргі уақытта қалай пайдаланылатыны жөнінде әңгіме құрастыру	1
		IV	Ұлттық ойын – халық мұрасы	Балаларға ұлттық ойындардың түрлері туралы түсінік беру, оның ішінде спорт түрінде қолданылатын тоғызқұмалақ, Наурыз мерекесінде дәстүрлі ойындар ретінде ойнайтын «Көкпар», «Қыз қуу», «Алтыбақан», «Асық тастау», «Бәйге» туралы таныстыру, ұлттық ойындарды білуге, ойнауға жетелеу	1
8	Өлке мақтаныштары	I	Менің өлкемнің құрметті азаматтары	Балаларға өлкемізден шыққан әйгілі азаматтар туралы мәлімет бере отырып, өнегелі болуға тәрбиелеу, отансүйгіштік сезімдерін арттыру	1
		II	Менің өлкемнің мәдени орталықтары	Балаларға туған өлкесінің мәдени орталықтары (Достық үйі, мұражайлар, кинотеатрлар, қазақ-орыс	1

				драма театрлары, қалалық Мәдениет сарайы, Оқушылар сарайы, Мұз сарайы, кітапханалар) жөнінде қысқаша қарапайым түсінік беру, өз өлкесінің мәдени орталықтары туралы білімдерін кеңейту	
		III	Спорт - денсаулық кепілі	Балаларға атақты жерлес спортшыларымыз- еркін күрестен олимпиада жүлдегері Дәулет Шабанбай, акробатикадан спорт шебері, Әлем кубогының жүлдегері Данияр Муслимов, тоғызқұмалақтан спорт шебері Ернұр Мерешев туралы мәлімет бере отырып, спортшылардың біздің өңірімізді елге танытып, көптеген жетістіктерімен бізді қуантқаны үшін құрметтеуге, мақтаныш тұтуға баулу	1
		IV	Сюжетті-рөлдік ойындар: «Мектеп», «Құрылысшы», «Емхана»	«Мектеп», «Құрылысшы», «Емхана» сюжетті-рөлдік ойындар арқылы ұстаз, құрылысшы, дәрігер мамандарының маңызы, адам өміріндегі ерекшелігін анықтай отырып, балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сыпайылыққа, ізгілікке, адалдыққа баулу	1
9	Неткен сұлу, неткен көркем! Осы менің туған өлкем!	I	Менің қаламның (ауылымның) көрікті жерлеріне саяхат	Балалармен көрікті жерлерге саяхатқа шығу, ауыл, қала өмірі туралы білімдерін толықтыру, өз жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру	1
		II	Ауылым -алтын бесігім	Балаларға ауыл шаруашылығының қала тұрғындарын азық-түлікпен қамтамасыз етуі туралы білім беру, шаруашылықта еңбек ететін адамдарға құрметпен	1

			қарау, сыйлауға, қадірлеуге жетелеу	
		III	Жоба: «Ғажайып қала (ауыл)»	1
		IV	Викторина: «Кішкентай өлкетанушылар»	1
			Барлығы	36

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Итегулова С.А, Жарылғасын Д.Н Павлодар облысының тарихи және қазіргі атаулары. Астана, 2017ж.
2. Жұматаева Е, Ауталипова Б.Ж. Кемелді тұлға тәрбиелеуді мақсат тұтқан басшы. Павлодар, 2010ж.
3. Темірбеков Ф.Е.. «Өлкетану» авторлық бағдарламасы. 2015ж, .
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысы.
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысы.
8. Мектепке дейінгі ұйымдардың білім беру үдерісіне «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін енгізуге арналған әдістемелік нұсқаулық. «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы, 2016.
9. Елбасы Н.А. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы.

МАЗМҰНЫ

1.	Бағдарлама мазмұнына қысқаша шолу	3
2.	Бағдарлама мазмұнына қысқаша шолу	4
3.	Мазмұндық тақырыптық бөлім	6
4.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	13

